

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 304 "2019-2021 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 29 наурыздағы № 328 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 6040 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 304 "2019-2021 жылдарға арналған Шалқар қалалық бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-225 санымен тіркелген, 2019 жылғы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "463188,0" сандары – "677447,0" сандарымен ауыстырылсын;
трансферттердің түсімдері – "387475,0" сандары "601734,0" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар – "463188,0" сандары "677447,0" сандарымен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 5-1 тармағымен толықтырылсын:

"5-1. 2019 жылға арналған қалалық бюджетке республикалық бюджеттен ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 46259,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансфертті бөлу Шалқар қаласы әкімінің шешімімен айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 7-1 тармағымен толықтырылсын:

"7-1. 2019 жылға арналған қалалық бюджетке аудандық бюджеттен автомобиль жолдарын орташа жөндеуге 168000,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансфертті бөлу Шалқар қаласы әкімінің шешімімен айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

Ж. Былқайыр

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы
29 наурыздағы № 328 шешіміне қосымша
Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4
қаңтардағы № 304 шешіміне
1 қосымша

2019 жылға арналған Шалқар қалалық бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
		Атауы	
		I. Кірістер	677447,0
1		Салықтық түсімдер	74500,0
	01	Табыс салығы	35000,0
	2	Жеке табыс салығы	35000,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	39500,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	1400,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	38100,0
2		Салықтық емес түсімдер	1213,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1213,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1213,0

4		Трансферттердің түсімдері	601734,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	601734,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	601734,0
II. Шығындар			677447,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	50262,7
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	50262,7
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	50262,7
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	49730,2
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	532,5
04		Білім беру	353864,0
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	353864,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	353864,0
		041 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	353864,0
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	47093,0
	2	Әлеуметтік көмек	47093,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	47093,0
		003 Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	47093,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	50833,3
	3	Елді-мекендерді көркейту	50833,3
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	50833,3
		008 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	32561,3
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2006,0
		010 Жерлеу орындарын ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	200,0
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	16066,0
12		Көлік және коммуникация	175394,0
	1	Автомобиль көлігі	175394,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	175394,0
		013 Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7394,0
		045 Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	168000,0
		III. Бюджет тапшылығы (профицит)	0,0
		IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	0,0